



**ЖШС «Аслан –Али»**  
**«Еркемай» балабақшасының**  
**2023-2024 оқу жылының**  
**оқу жұмыс жоспары**

## ТҮСІНІК ХАТ

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпығаміндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады. «ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 -2024 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

ЖШС «Аслан –Али Еркемай» балабақшасында 2023 -2024 оқу жылында 5 топ жұмыс жасайды.

Кіші топ (2 жастан бастап) -1 топ

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 1 топ;

Ересек топ (4 жастан бастап) – 3 топ.

Оқыту және тәрбиелеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі.

2023- 2024 ж оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып( хаттама №1 31 .08.2023 ж) бекітілді.